

Түркістан облысы

Шардара ауданы

адамзат әлеуметін дамыту бөліміне қарасты

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектеп



Мектеп директоры:

 Ж. Нұрымбет



180

жыл мерейтойы

ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИН



Ғаламат жұлдызы

180 жыл мерей тойына арналған

өңделіп-сақталып кетіп

Дайындаған: Н. Нурпейсова

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Дала жұлдызы» Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналады

Мақсаты: 1) Оқушыларға қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин туралы, оның еңбегі, шығармашылық мұрасы, ағартушылық қызметі жайында мағұлмат беру. Мәнерлеп, түсініп, жүргізіп оқу дағдыларын жетілдіру.

2) Ыбырай еңбектерін үлгі ете отырып, оқушыларды еңбекқорлыққа, адамгершілікке, іскерлікке, достыққа, ынтымаққа, Отан, болашақ алдындағы борышын сезінуге, елін, жерін, жұртын сүйуге, Ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу.

3) Ыбырай еңбектері арқылы білімдерін одан әрі дамыту, танымдық көзқарастарын нығайту, шығармашылық ізденістерін жетілдіру.

Өткізу әдісі: Мәнерлеп оқу байқауы, дөңгелек үстел, сайыс

Көрнекілік: Ы. Алтынсарин туралы бейнеролик, слайд, портреті, нақыл сөздері, кітаптары

Барысы

Бағлан Жүргізуші: - Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар қонақтар мен оқушылар! Бүгін мектебімізде қазақтың «Дала жұлдызы» атанып кеткен Ұлы педагог, ағартушы, ақын, жазушы **Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына** арналған «Дала жұлдызы» атты мерей тойына орай ұйымдастырылған әдеби сазды кешімізге қош келдіңіздер!

Айсымбат

Сауатты болса екен деп қазақ халқын,

Білімге бастап беріп, жолды салды.

Тәлімді, тәрбиелі еңбегімен,

Ыбырайдан өшпестей мұра қалды.

Бағлан

Сәлем жолдап шәкіртке дұғай - дұғай,

Ұрандап өлеңімен келді былай.

Жас ұрпаққа жар салып жанымен де
«Кел, балалар, оқылық»- деді Ыбырай.

Айсымбат

Жалғассын бүгінгі күн дәстүр - салтың,

Күндей күліп өмірің болсын жарқын.

Бас иіп ұлы Ыбырай рухына,

Көтерейік бірігіп атақ - даңқын! деп Ыбырай атамызға деген алғысымызды өлең жолдары арқылы жеткізсек. Мектебіміздің мақтаныштары қазақ –тілін жүйрік білетін оқушылар Ыбырай атамыздың өлеңін жолдарын мәнерлеп оқуға оқушыларымызды ортаға шақырайық.

7«б» сынып оқушылары :Мырза Мереке «Кел, балалар, оқылық !» Сарсен Айсымбат «Өзен», Сайлау Диана. Қашқынбай Аяжан «Өсет өлеңдер»,Жарылқасын Аяжан. Аманкөс Ардак

7 «б»Жақсылық Еркемай «Жаз»

Аружан Жұмамұрат «Әй жігіттер»,

6«б» Аяулым Жұмамұрат «Қарға мен түлкі»

«б» сынып Жұмабек Балауса.

3 «б» Шадияр Мадина

ортаға шақырамыз.

Айсымбат

Жас ұрпақ білім алды әр салада,

Алғырлар өнер десе жан сала ма.

«Өнер - білім бар, жұрттар» деген сөзі,

Мәңгілік із қалдырды әр санаға деп

(өлеңін оқу) Қалдыбек Айғаным

Бағлан 1--жүргізуші: Ы. Алтынсариннің оқып, білім алуына жағдай жасап, ақыл - кеңес беріп отырған атасы Балқожа би еді. Оқуда жүрген жас Ыбырайға атасы хат арқылы өлең мен күш - қуат, ынта - жігер беріп отырады.

Айсымбат 2-жүргізуші: Балқожа бидің баласына жазған хаты. Олай болса ендігі кезекте Балқожа бидің баласына жазған хатына берсек Ақунгали Нұрбибі.

Қарақат Дүйсенби

Бағлан Ы. Алтынсарин өз өлеңдерінде балаларды оқуға, білім алуға шақырса, ал әңгімелерінде еңбекті сүйеге, қадірлеуге, адамгершілікке, имандылыққа, адал достыққа, тазалыққа үйретеді.

«Ананьин сүйсі» (өлеңін оқу) Қосбаева Аяулым

Айсымбат 1 -жүргізуші: Әр халықтың болашаққа бет алған тарихы даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт - бағдар сілтеген, сойтіп сол ұлттың, халықтың тарихында есімдері ерекше аталатын зор тұлғалар болатыны айқын. Халқымыздың тұңғыш ғалымы Шөкән Уәлихановпен, ұлы кемеңгер ақын Абай Құнанбаевпен бірге аса көрнекті қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин.

Бағлан 2 -жүргізуші: Ы. Алтынсарин - алғашқы халық мұғалімі, қазақ даласында алғаш рет халықтық мектеп ұйымдастырушы педагогы, балаларға арнап өте құнды өлеңдер мен әңгімелер жазған жазушы.

Айсымбат

мдігі кезекте назарларыңызға алғашқы ұстаз, ұлы агартушы
31. Алтынсариннің бірнеше әңгімелеріне дайындалған көріністерге береміз.
1 әңгіме: Мейірімді бала»

Мейірімді бала.

Патша: - Біздің Қытай халқында мынадай заң бар. Егер кімде - кім біреуді алдаса қолы кесіледі.
Осы заңды білесің бе?

Төре: - Білем.

Патша: - Білсең, өзің істеген күнәңді мойнымен көтересің. Сондықтан сен өз еліндегі адамды
алдағаның үшін қолың кесіледі. Уәзірлер дайынсыңдар ма?

Уәзір: - Дайынбыз.

Патша: - Жазаны бастауға рұқсат.

- Қыз бала: - Токтатыңыздаршы, құдай үшін тоқтай тұрыңыздаршы.

Патша: -(тоқтат деген ишара беріп) Бұл кімнің қызы?

Төре: - Менің қызым.

Қыз бала: - Тақсыр патша, менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айырылуы
керек болады. Мінекей, тақсыр, әкемнің қолы.

Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы.

Патша: - Қызым сенің қолыңды кескеннен не пайда? Кінәлі сен емес қой.

Қыз бала: - Уа, әміршім! Мен осы төренің қызымын. Мына қолды осы төренікі деп есептеңіз.

Ойткені, мұнымен бала-шағасын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз тақсыр! Осы нашар
қолың кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларың асырайтын қолың атама қалдыруға.

Патша: -(Төреге) Мына қызыңның ақылдылығы мен мейірімділігінің арқасында сенің қолыңды
кеспеуге бұйырамын.

Төре: Басың иіп, рахмет айтады.

Патша: - Ата көрген оқ жоңар.

Шеше көрген топ пішер.

Төре: - Жаксы бала әкесінің есіктегі басын төрге сүйрейді.

Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрейді.

6 «в» сынып оқушысы : Мәлік Нұрайдың орындауында «Анашым- Анажаным» әнін қабыл алыңыздар

6 «в»сынып оқушысы Ділдабек Кәусар «Әке- Ана» әнін қабыл алыңыздар

2 әңгіме «Атымтай Жомарт»

Атымтай Жомарт

(Жомарт жұмыс жасап жүреді, үстінде жаман киім)

1 кісі: - Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа - тамақ, жалаңашқа - киім, үйсіздерге - үй
болдыңыз. сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отыр кесіп,
шөп тасығаныңыздың мағынасы не?

2 кісі: - Бір мезгіл таза киім киіп, дәулетті адамша жүресіз. Бір мезгіл ескі - құсқа киім киіп
жүресіз. Бұны қалай түсінеміз?

Жомарт: - Төрт түрлі себеп бар. Өуелгі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең,
көңілге жел кіргізеді, сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз
салмай, кем – кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екінші: Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұным кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі
алсын деймін. Үшіншісі: Күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір - екі пұдға нан сатып алып жесем,
бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

Төртінші: Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім
ішіп - жеп, өзім тұтынам, мал берген кесіне күнәлі болармын деп қорқамын.

1-кісі: - Иә, Атымтай Жомарт, енді бәрі де түсінікті. Еңбекпен келген ас тәтті.

2-кісі: - Бейнетсіз рахат жоқ.

Ал еңбектің түбі рахат.

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады, баласы.

— Оның себебі, балам, анау ағашты қисық бұтақтары болса, кесіп, бағу-қағумен өсірген. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, — деді, атасы.

— Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.

— Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе өсиет алсаң болады.

Сен, жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің кате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем,

сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жаксы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз,

бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.

Қорытынды:

Айсымбат

Бүгінгі шарада ұлы ағартушы, тұңғыш қазақтың елінде мектеп ашқан, алғашқы ұстаз Ы. Алтынсариннің өмірбаянымен толық таныстық. Өзіндік ізін қалдырған, өскелең ұрпақтың еш есінен кетпестей ұстаздың жолын арнап өткендігін көріп, біліп, танысып өттік. Міне, осындай тәрбиелік мәні бар шарамыз арқылы оқушыларды әр істі ойланып ақылмен жасауға, кішіге қамқор болуға, ата - анасын сыйлап құрмет тұтуға, еңбекқор болуға шақырамын.

Бағлан

Ұлылар ұлағаты өркениеттің өр тауларына жетелейді. Ыбырайдай асыл бабаның таза, мөлдір, кәусар бұлағынан нәрлене білейік, рухани әлдене білейік деп бүгінгі *әдеби сазды кешімізге* аяқтаймыз.

Бағлан. Айсымбат. Осымен мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш, тіл мәртебесі биік болсын, ағайын!

Қатысқандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігін қорытындылау, марапаттау рәсімі бойынша

Мектеп директоры: Жаңғас Нұрымбет Жүнісұлы ағайға

Директордың оқу ісі жөніндегі меңгерушілері: Н. Қосбай

Р. Исаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Муса Әділхан

Директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары: Қуаныш Садықбеков

Бірлестік жетекшісі:

Нурилла Ағатаева



